

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Көшбасшы мұғалім

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/66075/>

## Көшбасшы мұғалім

Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.

Луций Анней Сенека

Тарихта қазақтай көп нәубет көрген ұлт жоқ та шығар, сірә. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп пікір білдірген. Шүкір, ешкімге жалтақтамай өз алдымызға мемлекет болғанымызға бүгінде 27 жыл толып отыр. Бабаның қаны, ананың жасымен келді бұл тәуелсіздік. Ата – бабамыз бізге тек азаттық сыйлап қана қойған жоқ, сондай – ақ, ұлан – байтақ жерді мұра қылып қалдырды. Заманыңа қарап бөркіңді ки деп рұқсатын да берді. Жас мемлекетпіз. Нағыз заманымыздың түлкі кезі, тазы боп шалмасақ болмас. Бұрынғыдай жүректің түгі, білектің күшіне сенуге болмайды. Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман. Өзеннің тартылуы, байлықтың сарқылуы әбден мүмкін. Алайда, адамның жадынан өшпейтін, ешкім де тартып ала алмайтын байлығы ол – білімі. Ұлтымыздың жарқын болашағы тек осы білімді ұрақтың қолында. Ал сол білімді ұрпақты қалыптастыру мына біздің, яғни, ұстаздардың міндеті.

Білім инемен құдық қазғандай деп жатады. Ал білім беру одан да қиынырақ дегім келеді жас маман ретінде. Бұл орайда бастауыш сынып мұғалімінің жүгі едеуір ауыр. Алдыңда жиырма түрлі бала, жиырма түрлі тағдыр отырады. Өз балаң болмаса да әрқайсысына туған балаңдай қарап, бар білгеніңді үйретіп, білім мен тәрбиені қоса беру керексің. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деп Әл – Фараби бабамыз да айтып кеткен. Ұстаз алдындағы ең басты міндет ХХІ ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық құжаттық мәдениеті, білімді, жан жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Жалпақ тілмен айтқанда біздер пендеден тұлға жасап шығаруымыз керек. Жәй ғана тұлға емес, ұлтын сүйетін, ұлтының игілігі үшін барын салатын тұлға болуы керек. Былай қарасаң қорқынышты, жүгі ауыр мамандық. Бірақ берген біліміміздің нәтижесін көру, мамандығымызға деген сүйіспеншілік, оқушының сені өз анасындай көріп, құрметтеп, идеал санауы біздің қорқынышты сейілтп, керісінше шабыттандырады. Ұлы ағылшын

ағартушысы Уильям Уорд: Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады,- дейді. Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады. Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: — Дүниетанымдық көзқарасы, сенімі — Қызметке бейімділігі — Кәсіптік білімі мен біліктілігі — Қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім — Ұйымдастырушылық қабілет — Заманға сай жаңашылдық Осындай даралық қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді. Ғалым да, ғарышкер де, елбасы да, тіпті, ұстаз да ұстаздан білім алған. Мен де бұрын оқушы кезімде «неге осы мұғалімдер әр сыныпқа жылда бір нәрсені түсіндіруден жалықпайды» деп ойлайтынмын. Кейін өз арманым жетіп, мұғалім болып жұмыс істей бастағанда өз сұрағыма өзім жауап таптым. Балаға қайталап түсіндіру жалықтырмайтынын керісінше біліміміздің санамыздан өшпеуіне ықпал етеді екен. Осы тұста Хакім Абай атамның:

«Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстазтық қылған жалықпас

Үйретуден балаға.» деп ұстаз тамырын дөп басып жырлаған шумағына еріксіз таңдай қағасың.

Иманғали Тасмағанбетовтың: «Кім де кім тұлға дегеніміздің жан дүниесінің түкпіріне үңіле алатын болса, және сәл түзетуді қажет ететінді операция үстелінің қасындағы хирургтан да нәзік түрде түзеп жіберсе — нағыз мұғалім сол. Себебі ол, адамның сыртқы тәнінен күрделі әлемге еніп тұр» деген пікірі көңілге қонымды. Иә, сол күрделі әлемге еніп, күрмеуін шешетін ұстаздар қауымы қандай мақтауға болмасын лайықты. Бір әріп үйреткен ұстазыңа 40жыл сәлем бер деп Жүсіпбек Аймауытов та айтты еме пе? Шәкіртеріміздің бәрі бірдей ақын, ғалым болуы мүмкін емес, әрине. Сәлем беру, ғалым болу өз алдына егер шәкірті берген білімін дұрыс пайдаланып өмірден өз орнын тауып жатса ұстазға одан артық бақыт жоқ. Ұстаз миссиясы пендені адам қылу ғана емес, адамгершілікті адам ету деп ойлаймын.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.